



## ХАЛЫҚ ҚАРЫЗҒА ҚАЛАЙ БАТТЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



## ЕЛЕНБЕЙ КЕЛГЕН ЕСКІ ҚАТЕЛІКТЕР

8-БЕТ | РУХАНИЯТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Түркі әлемінің келешегі-2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Қазір аумалы-төкпелі заман болып тұр. Халықаралық ахуал да тұрақсыз. Осындай алмағайып кезеңде түркі жұртының бірлігін бекемдей түсу аса маңызды. Бұл – ортақ қауіпсіздігіміздің сенімді кепілі. Қару-жарақ және есірткі саудасына, терроризм мен экстремизмге, көші-қонға қатысты сын-қатерлер көбейді. Мұндай қауіптердің алдын алу үшін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуымыз керек.

№131  
(4564)  
Сенбі  
4 қараша  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЫҚЫЛАСТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының Х саммитіне қатысу үшін Астанаға келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесті.

Мемлекет басшысы Түркия Президентінің Қазақстанға сапарының мәні зор екенін атап өтіп, бүгінгі кездесу екі елдің көпжақты қарым-қатынасын нығайтуға және Түркі әлемін дамытуға тың серпін беретініне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев саммит барысында көтерген маңызды бастамалары мен салмақты ой-пікірлері үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты.

«Түркия – біздің ежелден еншісі бір, тамырлас туысымыз. Сондай-ақ Қазақстанның ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесі. Сіз өзара қарым-қатынасты дамытуға орасан зор үлес қосып келесіз. Мен оны жоғары бағалаймын. Арадағы тұрақты келіссөздердің арқасында бүгінде көптеген келісімдеріміз табысты жүзеге асырылуда. Былтыр екіжақты тауар айналымы 54 пайызға өсіп, 6,3 миллиард доллар болды. Осы көрсеткішті 10 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Түркия – еліміздің негізгі төрт сауда серіктесінің бірі. Инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Елімізде түрік капиталының үлесі бар 4300-ден астам компания жұмыс істеп жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды және түрік халқын Түркияның 100 жылдығымен құттықтады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бауырлас елдің мерейтойына орай Астанада Анадолы көшесін, Шымкентте Түркия даңғылы мен саябағын және Алматыда Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткішін ашу жоспарланып отырғанын айтты. Өз кезегінде Режеп Тайип Ердоған Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық саммитін жоғары деңгейде өткізгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту маңызды екенін жеткізді.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары қазақ-түрік стратегиялық серіктестігінің қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талқылады. Халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



## ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ ҚУАТЫ КҮШТІ

Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық Х саммиті өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары деңгейдегі жиынға қатысу үшін түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы – Қазақстанға арнайы келген мемлекеттер басшыларына айрықша ілтипат білдіре отырып, еліміздің бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толықанды, беделді халықаралық ұйымға айналғанын атап өтті.

2

Бүгіннен бастап «Үркер» тұрғын алабы – «Нұрлы жол» теміржол вокзалы бағытымен жүретін жаңа №66 бағдар іске қосылады. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

### ЖАҢА БАҒДАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

№66 автобус Тәуелсіздік даңғылындағы жаңа көпір арқылы жүреді. Осылайша елорданың оң жағалауы мен сол жағалауы арасындағы көлік қатынасын жақсартады. Сондай-ақ «Үркер» тұрғын алабы мен «Нұрлы жол» теміржол вокзалы арасындағы көлік байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ж.Нәжімеденов, Керей-Жәнібек хандар, Қ.Мұхамедханов көшелерінде орналасқан тұрғын үй кешендеріне көлік қызметін көрсетуді, сондай-ақ «Үркер» тұрғын алабы ішіндегі қоғамдық көлікпен қамтуды арттырады. Сонымен қатар №66 бағдар қолданыстағы №14, 35, 36, 45, 50, 56 бағдарлардың жүктемесін азайтады.



### ҰЛТ ҮЛЕСІ ҰЛҒАЙДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы 2021 жылғы санақ қорытындысы бойынша халықтың ұлттық құрамы жөніндегі тақырыптық жинақты жариялады.

Санақ нәтижесінде қазақ халқының саны 13,4 миллион болды. Бұл республика халқының 70,4 пайызын көрсетеді.

2009 жылы жүргізілген санақта қазақтардың саны 10 миллион болған еді. Соңғы санақ бойынша қазақтардың өсімі 33,7 пайызға жетті.

Республика бойынша саны көп ұлттар қатарында орыстар (2,9 млн адам), өзбектер (614 мың адам), украиндар (387 мың адам), ұйғырлар (290 мың адам) бар.



«ASTANA  
AQSHAMY»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 497.34 \$ USD/KZT 468.13 ₰ RUB/KZT 5.03 ¥ CNY/KZT 63.97

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



(Соңы. Басы 1-бетте)

– «Түркі әлемінің келешегі-2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуға мүдделі екенін айта келіп, Қазақстанның ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтетінін мәлімдеді.

Бұл ретте Мемлекет басшысы еліміздің салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды.

Президенттің айтуынша, түркі бірлігін дәріптеудің маңызы зор. Өйткені біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз және діліміз ортақ. Осыған байланысты Түркі



## ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ ҚУАТЫ КҮШТІ

### АСТАНА САММИТІ АЙРЫҚША ӨТТІ

мәнінде, маңызды жұмыс болмақ, себебі ортақ тарихымызда әлі де толық зерттелмеген ақтандақтар бар. Сондай-ақ елдеріміздің телехикаяларын өзара насихаттау маңызды. Әсіресе, балаларға арналған анимациялық фильмдерді көбірек таратқан жөн. Бұған әлеуметтік

– Осыған байланысты модельдік заң жобасын қысқа мерзім ішінде қарап, оны мақұлдауға шақырамын. Бұл бастама тауарларымызды ортақ нарыққа еркін шығаруға жол ашады. Ал бірнәрсені ішкі жалпы өнімді жыл сайын шамамен 1 пайызға арттыруға мүмкіндік

ынтымақтастық ұйымына байқаушы мәртебесін беру туралы бастаманы қолдаймыз. Сонымен қатар Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымымен ынтымақтастық орнатуды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми әріптестік арқылы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайту аса маңызды екеніне назар аударды. Бұл орайда Президент ұйымға мүше елдердің басшыларына әлемдегі үздік университеттердің филиалдары мен тіл үйрететін бөлімдер ашуды, бірлескен ғылыми шаралар өткізіп, тәжірибе алмасуды, сондай-ақ жасанды интеллекті, цифрлық және аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударуды ұсынды.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазіргей халықаралық ахуал тұрақсыз, алмағайып кезеңде түркі жұртының бірлігін бекемдей түсу маңызды.

– Бұл – ортақ қауіпсіздігіміздің сенімді кепілі. Қару-жарақ және есірткі саудасына, терроризм мен экстремизмге, көші-қонға қатысты сын-қатерлер көбейді. Мұндай қауіптердің

Мемлекет басшысы инвестицияны алтыншы басымдық ретінде атады. Әріптестерін аймақтар арасында саудасаттықты кеңейтіп, экономикаға қаржы құюға баса мән беруге шақырды.

– Бұл істе Түркі инвестициялық қоры ерекше рөл атқарады. Тұрақты экономикалық байланыстарды нығайту үшін жасыл қаржы нарығын дамыту қажет. Қазақстан «Түркі жасыл қаржы кеңесін» құруды ұсынғанын білесіздер. Астана қаласына Түркі әлемінің Қаржы орталығы мәртебесін беру туралы бастама қолдауға ие болды. Сіздерге шынайы алғысымды айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, айналымызда күрделі ахуал қалыптасқан қазіргі кезеңде медиацияның да рөлін арттыру қажет. Мемлекет басшысы Ресей мен Украина, Израиль мен Палестина арасындағы қанды қақтығыстарды, Батыста белең алған заңсыз көші-қон мәселесін мысалға келтіріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты міндет екенін айтты.

– Осы орайда, Қазақстаннан Палестина халқына 1 миллион доллар көлемінде гуманитар-

шешуге шақырамыз. Біз үшін әр елдің аумақтық тұтастығын сақтау және оның ішкі ісіне қол сұқпау – басты басымдық. Халықаралық құқық нормаларын сақтай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларын мүлтіксіз орындау маңызды. Қазір Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметі тоқырауға түскені жасырын емес. Осындай кезде Бас Ассамблеяның рөлін күшейту керек. Бұл ретте Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде мейлінше сындарлы болу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сегізінші басымдық – энергия мәселесіне айрықша тоқталып, еліміздің осы саладағы бастамалары жөнінде баяндады.

– Қазақстан жаңа қуат көздерін дамытуға, жаңғыртуға және оны тасымалдау жолын әртараптандыруға баса мән беріп отыр. Біз геологиялық барлау, қуат өндіру істеріне озық тәжірибені және технологияны енгізуге айрықша көңіл бөлеміз. Мұнай-химия өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударамыз. Сонымен қатар «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істегіміз келеді. Мен биыл Қазақстанда Халықаралық энергетика форумын өткізуді ұсындым. Көтерілген мәселелерді форум кезінде кеңінен талқылауға болар еді. Қазақстан климатын өзгертуіне және тұрақты даму қаридаттарына баса мән береді. 2026 жылы Қазақстанның бастамасымен климат мәселесіне арналған аймақтық саммит өткізуді жоспарланып отыр. Түркі бауырларымыз бұл бастамаларды қолдайды деп сенемін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, түркі мемлекеттерінің басшыларын бірлікке шақырды. Қауіп-қатерлерге қарсы бірігіп, өзара көмек көрсетіп, тиімді іс-рекет жасау маңызды екеніне назар аударып, оның бәрі түркі әлемін өркендетуге, елдеріміздің ынтымағын арттыруға ықпал ететінін айтты.

Сонымен қатар саммитте ұйымның қазіргі төрағасы – Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Түрікменстан Халқ Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы



мемлекеттері ұйымының, оның құрылымдарының туларын және эмблемаларын бір үлгіге келтірген жөн.

– Бүгін өздеріңізге ұсынылған эскиздерді бірге қарап, ортақ шешім қабылдаймыз. Бұл тарихи сәт болмақ. Тарихтан сыр шертетін ортақ мұрағатты зерттеп, ұрпаққа ақиқатты жеткізу – біздің парызымыз. Құзырлы органдарымызға беймәлім деректерді бірлесіп зерделеуді тапсыруды ұсынамыз. Бұл, шын

желіні пайдалану, танымал медиа тұлғаларды жұмылдыру керек деп есептейміз. Сол арқылы жастарымызды рухани тұрғыдан жақындастыруға мүмкіндік туары сөзсіз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев түркі мемлекеттерінің қатар дамуы өте маңызды деп санайды. Бұл ретте Президент ұйымға мүше елдердің стандарттары мен терминологиясын жүйелеуді ұсынды.

береді. Қазір елдеріміздің ішкі жалпы өнімі 1,4 триллион долларға жуықтады. Биыл ұйым мүшелері арасындағы тауар айналымы 22 миллиард доллардан асты. Ортақ талаптар бекітілсе, бұл көрсеткішті 1,5 есе ұлғайтуға болады. Бұдан бөлек, Түркі мемлекеттері ұйымының Референттік орталығын құрған жөн деп санаймын. Бұл орталық өнімді сынау нәтижелерін өзара тануға, сондай-ақ химия және тамақ өнеркәсібі салаларында жаңа зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атаған үшінші басымдық – реформалар. Мемлекет басшысы ұйым қызметін оңтайландыру және халықаралық ықпалдастық жөніндегі бірқатар ұсынысын ортаға салды.

– Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерімізді тағайындау мәселесін тезірек шешуге шақырамын. Сондай-ақ хатшылық қызметкерлерінің санын көбейту туралы ұсынысты қолдаймыз. Түркі мемлекеттерінің сайлау саласындағы ынтымақтастығын нығайту қажет. Орталық сайлау органдарының консультативтік кеңесін құруға болады. Соңғы кезде біздің ұйымға халықаралық және аймақтық құрылымдардың қызығушылығы арта түсті. Біз Экономикалық



алдын алу үшін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуымыз керек. Осы орайда мен келесі жылы Астанада мемлекеттеріміздің Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының 3-отырысын өткізуді ұсынамын. Түркі мемлекеттерінің қаржылық тергеу органдары арасында қылмыспен бірге күресу және ақпарат алмасу туралы келісім жасау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

лық көмек беру туралы шешім қабылдадым. Ондаған жыл бойы шешімін таппаған өзекті мәселелерді зорлық-зомбылық көрсету және лаңкестік әдістер арқылы шешу мүлдем дұрыс емес. Қазақстан мұндай тәсілдерді қатаң айыптайды. Ахуал ұшығып кетсе, оның салдары тіпті ауыр болуы мүмкін. Бұл ретте кез келген жанжалды бейбіт келіссөз және дипломатиялық диалог арқылы ғана

Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары ұйымға бірқатар мақсат-міндет жүктеді. Бұдан бөлек, маңызды құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ Түркі елдерінің бірлігін күшейтуге қосқан елеулі үлесі үшін Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапатталды.





## СЕРІКТЕСТІККЕ – ТЫҢ СЕРПІН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанмен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Тараптар саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық ынтымақтастық пен мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге баса мән бере отырып, қазақ-мажар қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын жан-жақты талқылады.

«Құрметті Премьер-министр мырза, ең алдымен, қазақ жеріне қош келдіңіз! Себебі Сіз – қыпшақсыз. Бұл деректі қазақтар жақсы біледі әрі Сізді сыйлайды. Сондықтан атамекеніңізге келдіңіз деп айтсақ, артық болмайтын шығар. Бұл сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретіні сөзсіз. Сондықтан бүгінгі келіссөздер нәтижелі болатынына сенімдімін» деді кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Виктор Орбан жоғары қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол екі ел арасындағы саяси диалог пен өзара тиімді серіктестіктің деңгейін жоғары бағалады.

«Атажұртқа оралу әрдайым керемет. Мажарлар Қазақстанға келгенде ерекше сезімді бастан кешеді. Өйткені екі халықты ғасырлар қойнауынан бастау алатын тарихи тамыры байланыстырады. Соңғы он жылда біз ынтымақтастығымызды дамытуға барынша күш-жігерімізді жұмсадық әрі жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Өзіңізбен ынтымақтаса жұмыс істеу – мен үшін зор мәртебе. Мажарстан әрдайым Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктесі болған. Алдағы уақытта да солай бола береді. Мажарстан мен Қазақстанның байланыстары бұрын-соңды жетпеген деңгейге көтерілді. Сондай-ақ ықпалдастығымыздың, әсіресе экономикалық қатынастарымыздың әлеуеті зор» деді Виктор Орбан.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Мажарстанның тарихи тамырластығы және тығыз байланыстары бүгінде екі ел арасындағы ынты-

мақтастықтың тереңдей түсуіне негіз болғанын айтты.

«Қазақ пен мажар – ежелден сыйластығы жарасқан туыстас, достас халықтар. Екі елдің тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті ұқсас. Орта ғасырларда Торғай даласынан Еуропаға қоныс аударған қыпшақ тайпаларының ұрпақтары бүгінде Мажарстан аумағында өмір сүріп жатыр. Біз мұны мақтан тұтамыз. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-мажар ықпалдастығы барлық салада қарқынды дамуда. Біз бауырластығымызды, өзара тиімді қарым-қатынасты одан әрі тереңдетуге мүдделіміз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси шиеленістерге қарамастан, былтыр тауар айналымы 20 пайыздан астам өскенін, таяу болашақта бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізуге толық мүмкіндігіміз бар екеніне сенім білдірді. Тараптар энергетика, көлік, логистика, металлургия, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі және туризм сияқты салалардағы байланыстарды дамытуға өзара мүдделі екенін білдірді. Өз кезегінде Виктор Орбан: «Біз бүгін өзара ықпалдастығымызға тың серпін беру үшін келдік. Орта Азия аймағында бізді Қазақстанмен ғасырлар бойғы тарихымыз байланыстырады. Сондықтан сіздердің әрбір жетістіктеріңізге қуанамыз. Қазақстан – табысты дамып келе жатқан ғажап ел. Мен әрқашан Қазақстаннан үлкен әсермен қайтамын» деп мәлімдеді.

Келіссөз қорытындысы бойынша білім саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан келіссөздер қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді.

«Біз бүгін нақты әрі маңызды келісімдерге қол жеткіздік. Әсіресе екіжақты сауда-саттық көлемін ұлғайтуға және инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға баса мән бердік. Осы орайда тауар түрін көбейтіп, жаңа мүмкіндіктерді пайдалану аса маңызды. Қазір еліміз Мажарстанға құны шамамен 700 миллион доллар болатын 95 түрлі тауар жеткізе алады. Энергетика, металлургия, мұнай-химия, машина жасау, ауыл шаруашылығы және құрылыс салалары бойынша өнім экспорттауға мүмкіндік бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент келіссөз барысында инвестициялық серіктестікті одан әрі жандандыру үшін ірі жобаларды бірлесіп жүзеге асыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілгенін мәлімдеді. Мемлекет басшысының айтуынша, жыл соңына қарай Батыс Қазақстандағы «Рождовское» ірі газ конденсатты кен орны ашылады. Онда Мажарстанның «МОУ» мұнай-газ компаниясының үлесі 192 миллион доллар болмақ. Сондай-ақ «Globalia» кәсіпорны еліміздің бірқатар аймағында күн энергиясы станцияларын салуды жоспарлап отыр. Жобаның құны – 150 миллион доллар. Бұдан бөлек, келесі аптада Астанада екі ел кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форум өтеді. Президент мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты қазақ-мажар қатынастарының алтын көпірі ретінде атап өтіп, бұл бағытта айтарлықтай жетістіктер бар екеніне назар аударды.

«Мажар үкіметінің қолдауымен соңғы 10 жылда Қазақстан студенттері үшін оқу гранттары бөлініп келеді. Көптеген жастарымыз Мажарстанның жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға. Жаңа ғана осы бағдарламаны жалғастыру туралы меморандумға қол қойылды. Бұл білім саласындағы байланыстарды одан әрі тереңдетуге жол ашады. Быыл мажар халқының ұлы перзенті Шандор Петөфидің туғанына 200 жыл толуына орай бүгін Астанада жаңа көшеге ақынның есімі беріледі» деді Президент. Өз кезегінде Мажарстан Премьер-министрі осыдан тоғыз жыл бұрын қазақ-мажар қатынастарын стратегиялық деңгейге жеткізу туралы шешім қабылдағанын айтты. «Экономикалық байланыстарды анағұрлым жоғары деңгейге көтеру үшін берік негіз қаладық. Мажарстан халқы сіздермен туыстық байланысы бар екенін біледі. Қазақтар – ортақ тарихымыздың бір бөлшегі. Елдеріміз арасында саяси достықтан бөлек, экономикалық ықпалдастық нығайп келе жатқанына қуаныштымыз. Біз Еуропадағы теңізге шығатын жолы жоқ мемлекет ретінде көп нәрсені сырттан аламыз. Мажарстанға Ресей мен Қазақстан мұнайы экспортталады. Әзірге мұнай көлемі соншалықты үлкен емес. Әйтсе де тасымалдау арнасы бар. Бұл – еліміздің қауіпсіздігі тұрғысынан өте маңызды қадам» деді ол.

Мемлекет басшысы Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитіне өзі арнайы қатысқаны үшін Гурбангулы Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді.

## ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАРҚЫНДЫ



Қазақстан Президенті Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасымен бүгінгі кездесуі бауырлас екі ел мен оның халықтары арасындағы өзара серіктестіктің одан әрі нығаюына ықпал ететінін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-түрікмен қарым-қатынасы табысты дамуға және стратегиялық әріптестіктің деңгейіне толық сай келеді.

– Қазақстанда Сізді Түрікменстанның көшбасшысы, заманымыздың көрнекті мемлекет қайраткері ретінде таниды. Сіз Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы ынтымақтастықтың дамуына зор үлес қостыңыз. Сондықтан Сіздің осы жиынға келуіңіздің және бүгінгі кездесуіңіздің саяси мәні зор деп санаймын. Екі елдің ынтымақтастығын одан әрі нығайту тұрғысынан пысықтайтын ортақ істеріміз бар. Біз бауырлас әрі көршілес елдерміз. Қазақстан мен Түрікменстан арасында ешқандай түйткіл жоқ. Екі ел бір-біріне қашанда тілеулес, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Гурбангулы Бердімұхамедов Түркі мемлекеттері ұйымының

мерейтойлық саммитіне қатысуға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі елдің ынтымақтастығын жоғары бағалады.

– Біз осы жылдар ішінде сыртқы саясат, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз бойынша құқықтық база қалыптастырдық. Сыртқы саяси мәселеде Сізге алғысымыз шексіз. Сіз біздің бейтарап ұстанымымызды әрдайым қолдап келесіз. Бұдан бөлек, Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылымында басшылық қызмет істей жүріп, біздің сыртқы саяси бағдарымыз үшін көп жұмыс атқардыңыз. Сол үшін Сізге алғысымыз шексіз, – деді Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы.

Тараптар өзара сауда-саттықта оң динамика бар екенін атап өтіп, энергетика, өнеркәсіп, көлік, логистика және басқа да салалардағы жобалардың жүзеге асырылуы барысын талқылады.

Сонымен қатар кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға дайын екенін растады.

### ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Көпшілік тыңдаулар 2023 жылғы 8 қарашада сағат 16:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аққауында онлайн режимінде өтеді. Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz

**Е.КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

### АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі 2023 жылы 15 қарашада сағат 11:00-де қала әкімдігінің мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі, 11, 221-каб.) «Елордада «2019-2023 жылдарға арналған инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Астана қаласын жинақы құрылыс салу жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде Астана қаласы тұрғын алаптарының жай-күйі мен даму туралы» мәселесі бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Аталған мәселе бойынша сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Қоғамдық кеңеске astana\_sovet@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша немесе 55-72-28 телефоны бойынша жіберуіңізді сұраймыз. Бұқаралық ақпарат құралдарын және қоғамдық тыңдауға қатысуға ниет білдірген азаматтарды тіркеу ағымдағы жылдың 13 қараша күні сағат 17:00-ге дейін 55-72-28 телефоны бойынша жүргізіледі.

**З.ҒАЙЫПОВ,**  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

## БАС ҚАЛАДА ПЕТӨФИ КӨШЕСІ АШЫЛДЫ

Венгрия премьер-министрі Виктор Орбанның Қазақстанға ресми сапары аясында Астанада Мажар ақыны Шандор Петөфи атындағы көше ашылды.

Салтанатты іс-шараға Венгрияның Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрі Питер Сийярто, ҚР Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және елорда тұрғындары қатысты.

Венгр халқының ұлттық поэзиясының ең көрнекті өкілі және 1848-1849 жылдардағы революцияның белсенді қайраткерлерінің бірі Мажарстанның тәуелсіз демократиялық ел болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан болатын. Оның «Ұлтқа», «Дунайда» және «Түтқын-дағы арыстан» өлеңдері мажар халқы патриотизмінің ерекше

символына айналған. Ақынның бұл шығармалары бүкіл әлемге танымал және көптеген тілге аударылды. Осы туралы айта келе, Сыртқы істер министрі Қазақстан мен Мажарстан ежелден келе жатқан тарихи байланысқа ие және бұл маңызды бастама мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты тереңдетуге, сондай-ақ жаңа белестерге шығаруға қосымша серпін бергенін атап өтті.

– Қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, өмірдегі ең үлкен бақыт – ұлтқа қызмет ету. Ш.Петөфи де өз елінің игілігі үшін жанын пайда еткен, жанын қиған



азамат. Сондықтан барлығымыз үшін бұл ортақ жақсылық деп ойлаймын. Елорда төрінде мажар халқы ақыны көшесінің ашылуы тарихи ортақ бауырлас халықтар-ды байланыстыратын тағы бір соқпақ жол ретінде санаймыз. Быыл Қазақстанда атақты венгр ақын Шандор Петөфидің 200 жылдығы атап өтілді, ал бүгін

біз оның құрметіне еліміздің бас қаласында көше ашу үшін бас қосып отырмыз. Бұл – ортақ тарихи тамыры бар екі халық арасындағы достықтың тағы бір белгісі, – деді Мұрат Нұртілеу.

Көшеге Мажарстан ақынының есімін беру туралы шешімді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдады. Елорданың Есіл ауданындағы Тұран мен Қабанбай батыр даңғылдарын жалғайтын бұл көше бұрын шартты түрде Е-108 деп аталатын. Енді оған салтанатты жағдайда мажар ақыны Шандор Петөфидің есімі берілді. Көшенің ұзындығы – 650 метр.

Венгрияның Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрі өз кезегінде Қазақстанға көп жылғы ынтымақтастығы үшін алғысын білдірді.

– Қазақстан мен Венгрия – мәдениеті бай және тарихи ерекшеліктері ұқсас елдер, сон-

дықтан біздің ынтымақтастығымыз бірінші кезекте өзара түсіністікке негізделген. Мұндай сенімді қарым-қатынас – екі ел үшін де даму жолында жақсы қолдау, – деді Питер Сийярто.

Ол сондай-ақ ақынның 1000-нан астам шығармасынан тұратын жинағы қазақ тілінде жарияланатынын ерекше атап өтті.

Астана қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркептің айтуынша, бұл көше Нұра ауданы әкімдігінің жанында орналасқан. Екінші бетіне былтыр татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың есімі берілген еді. Бұл ретте басқарма басшысы екі бауырлас халық ақындарының есімі қатар орналасуының да символдық мазмұны жағынан сәйкес келетінін жеткізді.

Бұған дейін Венгрия Астанасы – Будапештте «Астана» көшесі ашылып, Абай Құнанбаевтың ескерткіші орнатылған болатын.



## БЮДЖЕТ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?



Осы ретте халықты баспа-намен қамтамасыз ету мәселесі шешімін таппай отыр. Қазір бірде-бір мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қалмады. Өзін әлеуметтік мемлекет деп таныған ел үшін – бұл нонсенс. Дәл бүгін үй кезегінде 650 мың адам тұр. Бұл дегеніміз – шамамен 2 миллион отбасы пәтер жалдап жүр деген сөз. Оның ішінде олардың үштен бірінің қаржы жинау мүмкіндігі мүлдем жоқ, яғни тапқан табысы тамағынан артылмайды.

Жылына 9 мыңға жетер-жетпес қана әлеуметтік бағыттағы үй салынады. Ал 1 жылда кезекке 50 мың адам тұрады. Бұл қандай саясат, бұл нендей менеджмент? Үй болмай, күй болмас! Бұл – бір.

Екіншіден, бөлінген қаражаттың уақытылы игерілмеуі көп іске қолбайлау болуда. Бұған бір ғана мектеп мәселесін мысалға келтірсек те жеткілікті. Мәселен, бюджеттен 2023 жылы мектептердің құрылысына бөлінген қаражаттың көлемі 164 млрд теңге болса, оның тек 37 пайызы ғана игерілген. Бұл – үлкен проблема.

Үшіншіден, жыр болған мемлекеттік сатып алудың тағы бір олқы тұсы. Бюджеттен ақша бөлеміз, ал қажетті жұмыстар басталмайды, нысан салынбайды.

Бірін-бірі сотқа сүйреген компаниялардың жеке мүддесі мен ренішінен әлеуметтік ны-

сан «Мемлекеттік бюджет адал, әділ және ашық болуы тиіс». Бұл менің сөзім емес, бұл – Президенттің сөзі, нақты тапсырмасы. Осы ретте, бұл бюджет – 650 мың кезекте тұрған үйсіз халықтың, 2,5 миллион жан бағып жүрген күйсіз жұрттың, 1 миллион жұмыссыз жанның, 7,5 миллион ауыл тұрғынының мәселесін шешуі керек еді. Десе де инфляцияның тоқтамауы, қымбатшылық мәселесі, жастар арасындағы жұмыссыздық, МӘМС жүйесінің реттелмеуі, үш ауысымдық мектептер мәселесі, лайықты жалақы мен тасжолдарды уақытылы салу проблемасы елімізде жетерлік.

сандар тоқтап қалуда. Бұл іс кемінде 3-4 ай қарастырылады.

Соңында жоба құны қымбаттайды, нысан уақытылы салынбайды. Көбінде шағымданышылардың да жауапкершілігін қарастыратын уақыт жетті. Шағым расталмаса, онда компанияға айыппұл салынуы тиіс. Сонда талапкер сотқа берерден, шағым жазардан бұрын ойланатын болады.

Төртіншіден, инфляция ауыздықталмай, қымбатшылық өршіп барады. Бұл өз кезегінде ел азаматтарының әл-ауқатының төмендеуіне әкеліп соғып жатыр. Халық тапқан-таянғанының жартысынан көбін азық-түлікке жұмсауға мәжбүр. Бізді қалыптасқан осы жағдайдың өзгермей отырғаны алаңдатады. Бұл ретте Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр.

Бесіншіден, халықтың несие алу деңгейі өте жоғары. Мысалы, биыл алынған несиенің көлемі 18,1 трлн теңгеге жеткен. Бұл – бюджетке пара-пар қаражат. Несие алушылар саны 8,4 млн адамды құраса, олардың ішінде 1,5 млн адам – қарызды қайтара алмайтындар қатарында. Бұл көрсеткіш – халықтың төлем қабілетінің төмендеп кеткенінің айқын дәлелі. Яғни халқымыз бір қарызды екінші қарызбен жауып жүр.

Ендігі бір мәселе – Ұлттық қорға сенім артқан Үкімет. Мемлекет басшысының өзі бірнеше рет Ұлттық қорға қол созуды, оған сенім артуды қою керегін деп басып айтты. Сол үшін «Ұлттық қор – балаларға»

жобасын арнайы енгізді. Енді бұл қорды 6,5 миллион баланың ата-анасы бізбен бірге қадағалайды. Бұдан былай ол жақтан триллиондарды емес, миллиардды алудың өзі оңайға соқпайды. Сондықтан ендігі кезекте ішкі ресурстарға сүйенуге, заңсыз иемденген қаражаттарды тезірек қайтаруға және қолда бар қаражатты аса қырағылықпен тиімді пайдалануға күш салу керек.

Жетінші, бюджеттік дефицит пен қарыздарымыз алқымнан алып тұр. Ел болып табатынымыз – 16,5 триллион, ал жұмсайтынымыз – 24 трлн. Яғни 30 процент қарыздан, қордан құралады. Бұл – өте қауіпті құбылыс, яғни қаржылық баланс жоқ. Сондай-ақ 2026 жылы бюджеттің нақты 3,5 триллион теңгесі қарызды жабуға жұмсалады. Біз қайда барамыз! Етек-жеңімізді жинайтын уақыт пісіп-жетілді. Көрсеткіштерімізге қарай көсіліп, келер ұрпақтың қарызын азайтудың қамын ойлайық.

Сыртқы саясаттағы санкциялардың күшеюі, әлемдегі инфляцияның тұрақтамауы біздің де экономикамызға кері әсерін тигізуде. Иә, бюджетті пысықтау оңай болған жоқ. Екі ай бойы Аманат фракциясы қарқынды, қызу жұмыс атқарды. Біздің фракция 1 триллионнан астам өзгертулерді ұсынып, рекорд жасады. Бюджет бойынша 2,4 трлн теңгені мемлекеттік органдар арасында қайта қарастырды. Аймақтарға 1,5 триллион теңгеден астам қаржы қосымша үйлестірілді. Елді мекендерге

«аманаттық» депутаттардың атынан 32 млрд, ауыз суға 10 млрд, «Ауыл – ел бесігі» жобасына 46 миллиард теңге қарастырылды. Бұл жобалардың әрқайсысының артында фракция депутаттарының тыңғылықты жұмысы тұр.

Ең негізгісі – 2024 жылдың өзіне Аманат партиясының «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын орындауға бюджеттен 5,5 трлн теңге нақты қарастырылды. Аталған мәселелер, сіздердің біліктілігіңіз бен табандылығыңыздың көрсеткіші. Иә, біз сыйнаймыз. Өзгеру үшін, қоғамдағы түйткілді мәселелерді өзгерту үшін айтамыз. Ашығаннан емес, жанымыздың ашығанынан айтамыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы 5 жылда жалпы ішкі өнімді екі есеге, яғни экономикамызды 450 млрд долларға жеткіземіз деген ауқымды мақсат қойғаны белгілі. Осы арқылы үлкен тәуекелге барғалы отыр. Жай тәуекел емес, нар тәуекел! Сондықтан ортақ мақсат жолында барлығымыз жұдырықтай жұмылып, бір кісідей атсалысуымыз керек. Ол үшін бюджеттік процесс тоқтаусыз жұмыс істеуі тиіс. Тұтастай алғанда, ұсынылып отырған бюджет жобасы Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сай келеді. Негізгі бағыттар қамтылған. Осыны ескере отырып, фракция атынан бірге нақтыланған бюджетті қолдаймыз.

**Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,**  
Мәжіліс депутаты

Қазіргі қоғамда медиация және этносаралық мәселе – өте өзекті тақырып. Бүгінде әртүрлі қауіптің белең ала бастауынан көптеген елдің этносаралық татулық маңызын түсіне бастағаны белгілі. Қоғамдық қатынастар саласында кәсіби медиаторларды дайындау да уақыт талабы. Этносаралық дауды ешқашан саяси мәселеге айналдыруға болмайды. Ассамблея бүгінгі таңда азаматтық қоғам мен билік арасын байланыстырушы медиаторға айналып отыр. Қазіргі кезде этносаралық қарым-қатынас саласында медиатор рөлі ерекше. Елімізде медиаторлардың көмегіне жүгінушілердің саны күн санап артып келеді.

## БІТІМГЕРЛЕР МИССИЯСЫ

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**



Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының медиация кеңесі – Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Ол мекемеде 18 медиатор бар, оның ішінде 8 кәсіби медиатор және этномәдени бірлестік өкілдер қатарында 10 қоғамдық медиатор бар, олар медиация (адамдардың өздігінен келуі) мәселелері бойынша азаматтарды қабылдап, ақсыз тегін заң кеңесін тұрақты жүргізеді.

Біз де өз әлеуетіңіз толық пайдаланатын медиация кабинеті бар. Медиаторларымыз меморандумдар бойынша түрлі комиссия мен кеңеске барады, тұрақты жұмыс жүргізеді. Қажет болған жағдайда, біздің медиаторларымыз мен ақсақалдарымыз көптеген адаммен сөйлесіп, кейде әлдебір тараптарды татуластыру керек болған кезде жібереміз. Осылайша, медиация институты өз міндетін жүзеге асырады. Медиация кеңесінің мақсаты – Қазақстан халқы ассамблеясы мен азаматтық қоғам мүшелерінің арасында туындаған дау-жанжал, қақтығыс барысында әкімшілік жағынан ықпалдан гөрі оны шешудің өркеніетті жолдарын, яғни медиация қағидаттары негізінде шешу жолдарын ұсынады, – дейді Қазақстан халқы ассамблеясына орталығы» қоғамдық қорының директоры Роза Бекишева.

Медиатор – біреудің ісіне мүдделі емес тұлға, ол ешбір тарапты қолдамайды. Дау-дамайдағы делдал ретінде ол тек қарама-қарсы тараптардың татулауы мүмкіндігін табуға тырысады. Келіссөздер барысында өзіне жақ немесе кінәлілерді іздеуге емес, екі жаққа да тиімді компромиске келер әділ шешімді шығаруды көздейді. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық демократия мен делдалдықтың тиімді құралы деуге толық негіз бар. Медиаторлардың негізгі мақсаты – екі тарапқа мәселені өздері шешуге мүмкіндік беріп, бағыттау.

Қаржы үнемдеуді былай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағатта шешуге болады. Бұл уақыт үнемдеудің де тәсілі. Сонымен консенсуске келу арқылы тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалу ықтималдығы жоғары. Көріп отырғанымыздай, медиация институты – азаматтық қоғам қалыптастырудың, дамуының белгісі. Елімізде медиаторлар көмегі әлеуметтік салаларда, әсіресе отбасы мәселелерінде кеңінен қолданылады. Медиация қазаққа жат ұғым емес. Себебі халық арасындағы дау-дамайды ертеде би, ақсақалдардың реттегені белгілі. Бұл – дәуласушы тараптарды бір тоқтамға әкеліп, оларды татуластырудың жолы. Ертеде ауыл ақсақалдары, абыройлы тұлғалары атқарған медиация тақырыбы бүгінгі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ. Қазір де медиация қарқынды дамып келеді, халық арасында ол резонанс туғызып отырғанын айтуымыз қажет.

– Істі қолға алған жылы «First Heartland Jusan Bank» арқылы 21 пайызбен қарыз алдық. Әрине, екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлерді кредиттеуі маңызды. Бірақ пайыздық ставкасының жоғары болуы көп кәсіпкерлерге өте ауыр болады. Сосын «Даму» қорына жүгініп, 15 пайызын субсидиялауға мүмкіндік алдық. Өндірісті кеңейту үшін «Halyk Bank»-тен кредит алдық. Мұны да қордың субсидиялауына жүгіндік. Сөйтіп, «Даму» арқылы дамудың жолын тауып келеміз. Ендігі мақсат – өндірісті автоматтандыру. Бұл бойынша да қорға арқа сүйейміз, – дейді Аслан Смаилов.

Қазақстан өнеркәсібінде ауыр өнеркәсіп жетекші орын алады десек, оның ішінде серпінді саланың бірі – химия



АҚШ әлем экономикасында бірінші орында болса, Жапония ЖІӨ бойынша – 3-орында. Бұл елдер экономикасының негізгі тірегі – бизнес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бизнес саласын дамытуды ұдайы айтатыны – осы себепті

өнеркәсібі. Бұл – өте күрделі әрі маңызды бағыт. Өйткені күнделікті өмірде тұтынатын өнімнің сан түрі осы салаға тиесілі. Бірақ, химия өнеркәсібіне керекті шикізаттар шет елдерден импортталады. Іскер азамат Аслан Смаиловтың мақсаты – тұрмыстық химияға керекті шикізатты өндіріп, кластерді өнеркәсіп құру.

### ОРТА АЗИЯДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ КӘСІПОРЫН

Одан кейін әл-Фараби көшесі, 97/6 мекенжайында орналасқан «MFA International» ЖШС жұмысымен таныстық. Астана қаласында өндіріске керекті маска шығаратын алғашқы компания. Тіпті әлемде MeltBlown фильтрімен маска шығаратын санаулы өндіріс орны саналады.

Компанияның коммерциялық директоры Ерсултан Бурхановтың сөзінше, FFP1, FFP2 және FFP3 класындағы өнеркәсіптік және медициналық респираторды шығарады. Яғни әртүрлі сүзгісі бар, әртүрлі қауіп санаты үшін тыныс алу органын қорғау құралын өндіреді. Бұл маскаларды медицина қызметкерлері, кеншілер, металлургия, автокөлік жүргізушілері мен цементшілер жиі қолданады.

Серіктестіктің базасын көру барысында толық автоматтандырылған өндіріс екеніне көз жеткіздік. Келешекте кәсіпорын толық қуатпен жұмыс істесе, жасанды интеллект компонентін қосуда ізденіс жасауда екен. Жылдық қуаты 11 миллион дана маска шығарады. 20 адамды

тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Бізді серіктестіктің шығаратын масканың ерекшелігі қызықтырды.

– Әлемде MeltBlown фильтрімен маска шығаратын алпауыт компания – 3М. Бұл компанияның негізгі штаб-пәтері АҚШ-та орналасқан. Әлемнің ондаған елінде филиалы жұмыс істейді. Соның бірі – Ресей. Геосаяси жағдайға байланысты 3М Ресейдегі филиалын жапты. Ал солтүстіктегі көршіміз Орта Азия елдеріне қажетті маскармен қамтамасыз етіп отырған-ды. Бос қалған кеңістікті игеру мақсатында құрылған біздің компания өндірістік қуатын толық пайдалануға дайын. «Kazakhstan» экспорттық сақтандыру компаниясы арқылы Орта Азия және Сауд Арабияға өнім түрлерін экспорттауға жұмыс істеудеміз, – деді Ерсултан Бурханов.

Санкциялық блок Ресей экономикасына қатты әсер етті. Қазір ондағы шетел компаниялары филиалын жауып, өзге нарықты іздеуде. «MFA International» ЖШС осындай мүмкіндікті іске асыруға талпынып, «KZI Bank» арқылы 21,75 пайызбен кредит алып, оған қосымша жабдық сатып алды. Оның 13,75 пайызын «Даму» қоры субсидиялайды.

### БІЛІМ – НЕГІЗГІ КАПИТАЛ

Үшінші нысан өндіріс емес, білім беру ұйымы болды. Бірақ қатардағы емес, халықаралық мектеп. Елде халықаралық статус алған санаулы білім орданың бірі – «Spectrum International School» ЖШС. Шәкірттеріне



Елордада бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы іске қосылғалы кәсіпкерлердің 7,6 мың жобасын субсидиялауға 759,8 миллиард теңге қаралды, ал 4,4 мың жобаны кепілдендіруге 68,2 миллиард теңге бөлінді. Бұл – өте ауқымды әрі маңызды көрсеткіш. Өйткені қордан қолдау тапқан жобалардың арқасында қаншама жұмыс орны құрылып, бас қаланың қазынасына түсетін салық мөлшері артқаны анық

ағылшын тілінде білім береді. Бұл кәсіпкерлік субъектісі де «Дамудың» шарапатын көрді. Яғни қор тек өндірістік және инновациялық жобаларды ғана емес, адами капиталдың сапасын арттыратын жобаларға да қолдау көрсетеді. Өйткені адамның ақыл-ойынан мықты капитал жоқ.

– Ұлыбританияның жетекші білім беру компаниясының бірі – Twig World, bug Club бастауыш мектепке арналған онлайн оқу қызметі, ең толық және ең көне әмбебап энциклопедия Britannica-мен серіктестік орнатып, жұмыс істейміз. Мектепте 12 жылдық оқу бағдарламасымен 595 оқушы білім алады. Кембридж халықаралық оқу бағдарламасы білім берудің жаһандық стандарты бойынша білім береміз. Бізде отандық педагогтардан бөлек, шетелдің үздік оқытушылары жұмыс істейді, – деді компанияның басшысы Ерхан Абдулдаев.

Қасым Аманжолов көшесі, 34 мекенжайында орналасқан еңселі ғимаратты салу үшін «Halyk Bank»-тен 20,5 пайызбен кредит алады. Оның 13,5 пайызын қор субсидиялайды. Сөйтіп, елордада халықаралық стандарт бойынша білім беретін мектептің бой көтеруіне «Даму» атсалысады.

Бір күндік пресс-турдың барысында осындай ілкімді жұмыстарға куә болдық. Шын мәнінде, іс бастап, кәсіпті кеңейтуді мақсат еткен іскер азаматтар мемлекет қамтамасыз етіп отырған жеңілдіктерді пайдалануда. Тек адамға серке сезім, тың идея, бастысы, ба- тылдық пен ерік-жігер керек.





№131 (4564) 04/11/2023 Сенбі



Қойшығара САЛҒАРАУЛЫ,  
жазушы-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

**О** тарлаушы елдің отарланған елдің халқын байырғы халықтық қасиетінен ажыратып, оларды қалың тобырға айналдыру мақсатында:

- тарихи жадын біртіндеп өшіріп, өткенін ұмыттыруға;
- дәстүрі мен дінінен алыстағып, ұрпағын рухсыздандырып, жаппай мәңгірттендіруге;
- елін бөлшектеп, мемлекетсіздендіруге;

- ұлттық тұтастығынан айырып, ұлтсыздандыруға;

- сол арқылы жерін біржола иеленіп, байлығын барынша қамтып қалуға бағытталған жұлмыр саясатын жүзеге асыруға барынша күш салатыны – ақбас тарих талай рет әр қырынан дәлелдеген шындық. Осындай саясаттың зардабын бірнеше ғасыр бойы басынан өткерген халықтардың тартқан тауқыметі жан түршігерліктей, тіпті, айтудың өзі жүрекке салмақ. Сондай сұрапыл азап өткелінен өткен халықтың бірі – қазіргі қазақ халқы. Бұл ретте осы халықтың 260 жылға созылған бодандықта тартқан азабының бәрін тізбелеп, талдап таратпай-ақ, тек ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы кешегі қызыл империяның әдейі қолдан ұйымдастырған аштықтың салдарынан ел аман, жұрт тыныш, бейбіт заманда бүкіл халықтың үштен екісінің қырғын тапқанын айтсақ та, айтылғанның әсіресе еместігін жете сезіну қиын емес. Сондай-ақ мұнымен де қоймай, осындай қасіретті қиын шақта есеңгіреген елге ескіргізіп, бағыт-бағдар көрсетіп, жолбасшы болар есті азаматтарын жаппай қудалап, атқанын атып, аман қалғанын топтап түрмелер мен лагерлерге тоғытуы да сол бір жебір саясаттың қаншалықты зұлымдықпен жүзеге асырылғанын айқындай түседі. Өн бойы осындай сұмдықтарға толы ұзақ уақытқа созылған бірыңғай басыбайлы бодандық тәуелді ел халқының бойына немқұрайдылық дертін дарытып, ақырында олардың өз болмысына деген сүйіспеншілігін азайтып кетеді екен. Мұны бір қазақ халқы ғана емес, кешегі КСРО деп аталатын алып империяның бодандығында болып, кейін тәуелсіздік алған түріктестес халықтардың қай-қайсысының да бүгінгі тірлігінен байқауға болады. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз тағдырын өздері шешуге мүмкіндік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өткеніне қарамастан, олар әлі күнге осы дерттен, немқұрайдылық дертіннен айыға алмай келеді. Неге болсын немкетті сүлесоқтық, еті өліп кеткен көнбістік байқалады.

Ата-бабалары сан ғасыр бойы армандаған, өздері аңсап жеткен тәуелсіздіктің іргесін бекітіп, ғұмырын ұзарту қай халықтың болсын ұлттық санасының дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты екені мәлім. Өйткені дұрыс қалыптасқан сана ғана халықты тоңғауы тоқсан тіршіліктің кемелдік кезеңіне тура бағыттап, ұлттық ортақ мүдде төңірегіне топтастырып, ұлы жеңістер негізі – ұлы бірлікті қамтамасыз ете алмақ. Ал шынайы «бірлік бар жерде – тірлік барын» дана халықтың өзі сан рет айтқан, ісімен дәлелдеген. Бұл ретте ұлттық сананы дұрыс қалыптастыратын тәрбие мектебі, ұлттық рухтың қайнар бастауы – тарих, тарих болғанда да ақиқат қолымен жазылған өмір айнасы шынайы тарих екені аян. Тек өмір шындығын арқау еткен шынайы тарих

# ЕЛЕНБЕЙ КЕЛГЕН ЕСКІ ҚАТЕЛІКТЕР

(НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ, САУАТСЫЗДЫҚ, ЕЛІКТЕУШІЛІК...)



қаңа халықтың тарихи санасын дұрыс қалыптастырмақ, дұрыс қалыптасқан тарихи сана ұлттық рухты оятып, ұлттық сананың дамып-жетілуіне жол ашамақ.

Міне, осынау бірмен-бірі сабақтасқан саналық үдерістерді жүзеге асыру – өткен мен бүгінгіні сабақтастыра саралап, ақ пен қараның, жақсы мен жаманның аражігін ашып, жалпы жұртқа «ненің неден болғанын» анықтап көрсетіп, теріс қалыптасқан тарихи сананы қалпына келтіру арқылы жалпы жұрттың отарлаушылар жұқтырған дертен айығуына қолұшын беру қоғамдық тірліктің сарапшысы – тарихшылар қауымының кәсіби міндеті десек, отарлаушылардың мақсаткерлікпен жүргізген жұлмыр саясаты олардың өзін осы мүмкіндіктен айырып, олардың да басқалармен бірге немқұрайдылық дертіне ұшырауына барынша жағдай жасап баққаны тағы аян. Ол үшін оларға өз халқының тарихын өзінше ізденіп, өз тарапынан зерттеп тануына тыйым салынды. Сол себепті ұлт тарихшылары өз халқының тарихын өзгелердің жазғаны арқылы танып-білуге, солардың жасаған тұжырымдарын тарихи заңдылық деп қабылдауға мәжбүр болды. Соның салдарынан тәуелсіздік алғаннан бері, арада ширек ғасыр уақыт өткеніне қарамастан, кезінде жергілікті халықтың төл тұрмыс-тіршілігімен үйлеспейтін, олардың халықтық мүдделеріне керегер тек отарлаушылардың өздерінің мақсат-мүддесі тұрғысынан еуропалық таным-түсінік негізінде жазылған жасанды тарих қалыптастырған қағидаларды әлі күнге сол күйі қайталап, жас ұрпақтың төл тарихын төл болмысында тануына ықпал жасай алмай келеді. Өзі зерттеп, өзі танып-білмеген соң, олар өзге не айта алады? Мұның сыртында отарлаушылар жүргізген саясаттың зардабын жоюға бағытталған пәрменді ұлттық идеологияның болмауы мен күнкөрістің күйбеңімен кеткен баршамыздың уақытқа есе алдырған бейқамдығымыз да жағдайдың осылай болуына өз үлесін қосқаны тағы бар. Қалай болғанда да, бізде тәуелсіздік алғаннан бергі кезде төл тарихымызды төл болмысында тануға деген құштарлық мол болғанмен, оны осы талап тұрғысынан жазып, халыққа дер кезінде ұсынатын ғалым тарихшылардың болмағаны тарихи шындық.

Дегенмен, осы орайда, советтік кезеңде қалыптасқан тарихи сана жетегінде жүрген кейбіреулердің бұл айтылғандарды қабылдай алмайтынын да жоққа шығаруға болмас. Өйткені олардың бұл ретте: «мынау не деп отыр, кешегі кеңестік дәуірді былай қойғанда,

тек тәуелсіздік алғаннан бергі уақыттың ішінде ғана қаншама адам тарихтан кандидаттық және докторлық диссертация қорғап, кәсіби тарихшы болды ғой» деп ойлап отырғаны хақ. Рас, ондай диссертациялар қорғалып, ғылыми атақ алғандар баршылық, тіпті, жетіп артылады десек те болады. Олардың кәсіби маман, тарихшы ғалым делінетіні де шындық. Бірақ солардың тәуелсіздіктен бұрынғыларының да, кейінгілерінің де, егер әділдігіне жүгінесек, шын мәніндегі ғалым тарихшылар емес, тек үлкен тарихтың белгілі бір кезеңінде өткен оқиғаны тақырып етіп алып, соны зерттеп, сол төңіректен мағлұмат жинаған зерттеушілер ғана екені де ақиқат ғой. Олардың сол қорғаған тақырыбын толық игеріп, соған қатысты мәселелерден хабардар болғанмен, бір ха-

“

Бірнеше ғасыр бодандықта болып, билеуші елдің қас-қабағына қарап, бар тірлігін соған үйлестіріп үйренген ел халқының орындаушылық талабына сай қалыптасқан санасын тәуелсіздік алғанмен, бірден өзгерте қою оңай шаруа емес екенін ескермеске тағы болмайды. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта ойдағыдай нәтижеге қол жеткізе алмай жатқанымыз да осыны меңзейді

лықтың арғы-бергі тұтас тарихын жан-жақты зерттеп, зерделеген, соған сай өзіңдік ғылыми көзқарасын қалыптастырған білікті ғалымдар еместігі қазір баршаға мәлім. Мұны олардың өздері де мойындаса керек.

Осы арада айтылғанға дәлел ретінде, сөзді ұзартпай, КСРО-ның дәуірін өтіп, құлауға айналған кездегі қазақстандық бір ізденушінің Шымкенттің цемент заводның тарихынан, сондай-ақ тағы бір қазақстандық ізденушінің комсомол-жастардың шопандар бригадасының тарихынан диссертация қорғағанын айтуға болады. Ал осы бір облыстың бір заводның немесе бір ауданның бір шопандар бригадасының екі-үш жылдық еңбек көрсеткішін зерттеу арқауы етіп, содан қорғап кандидат болғандарды немесе осылар сияқтыларды қалай шын мәніндегі ғалым тарихшы деуге болады?! Бұл және кешегі кеңес өкіметінің кезіндегі бүкіл кәсіби тарихшылардың баршасына ортақ жағдай еді ғой. Өйткені 70 жылдан астам уақытқа созылған советтік дәуір кезінде бірде-бір қазақ туған халқының көне тарихын өзі зерттеп, не кандидаттық, не докторлық диссертация қорғай алмады,

қорғатпады. Қазақ халқының тарихына қатысты «Қазақстан Октябрь революциясы қарсаңында» деген тақырыптан әріге баруға мүмкіндік болмағандықтан, олар амалсыздан тек Қазақстанның халық шаруашылығын дамытудағы компартияның, комсомолдың, кәсіподақтың рөлін, партия съездері шешімдерінің орындалуын жарнамалайтын, сол секілді бесжылдықтар мен екіпінді құрылыстардың, тың игерудің тарихынан қорғап, ғылыми атақ алуға мәжбүр болды. Ал шынайы халық тарихын, нақтылап айтқанда, бодан елдер халықтарының байырғы тарихын олардың орнына басқалар зерттеді.

Осындай жағдайда ғалым атанған кандидаттар мен докторларды қазақ халқының тарихын түбегейлі зерттеп, түгел таныған тарихшы, шын мәніндегі

Ал халықтың тарихы болса, ол бастауын адамзат баласының жаратылуынан бастап, бері қарай тарқатып таратылуы қажет емес пе? Өйткені ешбір халық көктен түспейді, жерден өніп шықпайды. Тарихшыларымыздың халық тарихы мен олардың кейінгі ұрпақтары құрған түрлі мемлекеттері тарихының аражігін ажыратпауы да сол бір заводтың тарихын жазып, тарихшы атанғандардың өре деңгейінен хабар берсе керек.

Бұл арада әділдік үшін мына мәселені де айта кеткен жөн болар. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін төл тарихын төл болмысында танып-білуге ұмтылған жұрттың тарихқа ерекше ынта-ықыласпен лап бергені белгілі. Тарихшысы да, тарихшы емесі де халық тарихын жазуға өз үлесін қосуға ұмтылып бақты. Осылардың арасынан архив ақтарып тапқан нақты деректері арқылы тарих ақиқаттарының орнын толтырып, бір кезеңнің тарихын ашып көрсете алатын деңгейге жеткен Х.Әбжанов, Ж.Артықбаев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев секілді ондаған қазақстандық маман тарихшылар шықты. Есімдері елге танылды. Бірақ бұлардың бәрі қазақ тарихының бергі кезеңін, атап айтқанда, қазақ хандығын, қазақ-қалмақ соғысын, ұлт-азаттық көтерілістерін, кешегі 30-жылдардың нәубетін (ұжымдастыру, төркілеу, аштық, қуғын-сүргін және т. б.), соғыс жылдарының ауыртпалығын зерттеген, соның мамандары. Ал қазақ халқының тарихы бір кезеңмен, бір дәуірмен шектелмейді ғой. Талай кезеңді, талай дәуірді бастан кешірді. Ежелгі дүние тарихы бар, орта ғасыр тарихы бар, бүгінгі түріктестес бірнеше халықтың мемлекеттік негізі болған, бұл күнде ғылымға «Алтын Орда» деген жаңсақ атаумен кірген Ұлы Ұлыстың тарихы бар, бұлардың бәрі әлі күнге қазақ зерттеушілерінің зерттеу нысанына айнамай, түрен тимеген күйі тың жатыр. Бұған дейін бұл дәуірлерді зерттеп көпшілікке танылған білікті де білімді ғалым тарихшысы болмады.

Бұл – бір қазақ емес, кешегі КСРО құрамында болған түріктестес халықтардың бәрін бірдей ортақ жағдай. Қазір өз алдына жеке-жеке республика болып отырған түрік халықтарының бәрін де түпбастау тарихи зерттелмеген. Қай халықтың тарихын парақтасаңыз да, өз тарихын сақ, ғұн халықтары өмір сүрген кезден бастайтынын көресіз. Бейне бұлардан бұрын тіршілік болмағандай, олардың ата-бабасы Ұлы далаға ғайыптан пайда болғандай әсерде қаласыз. Содан да болар, тәуелсіздікке ие болған алғашқы жылдары Әзербайжан Ғылым академиясының тарих институты бастау тарихымыздың дұрыс жазылмағанын алға тартып, бүкіл түріктестес халықтарға «бастау тарихымызды бірге зерттеп, бірігіп жазайық» деп үндеу тастады. Бұл да осы жоғарыда айтылғандардың шындық екенін айғақтар, ортақ жағдай туғызған қиындықтың салдарынан туындап отырған мәселе екенін көрсетсе керек.

Жалпы көпшіліктің өзінің тарихын танып-білуге, оны дамытуға құштыныс танытуы – қуанарлық та құттарлық жағдай. Бірақ ғылым, оның ішінде тарих ғылымы да, науқаншылықты, ұраншылдықты қаламайды. Ғылым қамалы «урамен» алынбайды. Мұнда жан-жақты зерделеніп, алдын ала жоспарланған тыңғылықты зерттеулер арқылы жүйелі түрде сатылап жүзеге асырылар нақты іс керек. Ол, ең алдымен, мақсаткерлікті, табандылықты, ұзақ уақытты және білікті де білімді мамандардың ортақ мүддеге біріге жегілер ерік-жігерін тілейді. Сондықтан бүгін сұранысын өтеумен бірге алдағы уақытта түріктестес халықтардың да өзгелер секілді ежелгі дүние тарихын, орта ғасырлар тарихын өздері түбегейлі зерттеп, тәуелсіздік талабына сай ұлттық ұйыстыратын, ақиқатты арқау еткен тарихты жазатын әр халықтың өз төл ғалым тарихшыларын дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлген абзал. Бұл бағытта Қазақ мемлекетінің негізін құраған ру-тайпалардың әрқайсысына жеке-жеке зерттеу еңбек арнап, 50-ге жуық кітап шығарып, бір өзі бір институттың шаруасына пара-пар іс тындырып жүрген Х.Ғабжәлиев, ежелгі көне тайпалар тарихына үңіліп, бірнеше тартымды танымдық еңбектер берген, бұл күнде арамызда жоқ Ә.Сарай мен деректану ғылымының жоқшысы болып, ой бөлсер құнды зерттеулерімен танылған марқұм Қ.Атабаев, ДНҚ зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып, арғызақ тарихына үңілген Ж.Бейсенбаев секілді ғалымдардың ізденісін атап өтуді азаматтық парыз деп білеміз. Осылай еңбектенбесек, көздеген мақсатқа жету қиын.

Қалай дегенде де, бірнеше ғасыр бодандықта болып, билеуші елдің қас-қабағына қарап, бар тірлігін соған үйлестіріп үйренген ел халқының орындаушылық талабына сай қалыптасқан санасын тәуелсіздік алғанмен, бірден өзгерте қою оңай шаруа емес екенін ескермеске тағы болмайды. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта ойдағыдай нәтижеге қол жеткізе алмай жатқанымыз да осыны меңзейді. Бұл ретте түрік халықтарының өз кезінде хатталып, қағазға түспеген, зерттеліп-жүйеленбеген оқиғаларға толы сан мыңжылдықтарды қамтитын бай тарихын осындай аз уақыттың ішінде бас-аяғын түгендеп, бәрін ғылыми зерде сүзгісінен өткізіп, бір қалыпқа түсіру үшін ұзақ уақыт керектігі де, оған бір ширек ғасырдың аздық ететіні де шындық. Бірақ, солай дей тұрғанмен, бұл мерзімнің әр халықтың өз тарихын өз таным-түсінігі негізінде жаңаша пайымдауына қажетті шаралардың бәрін анықтап, осы орайда атқарылар істің бағыт-бағдарын нақтылап алуына толығымен жетіп-артылатын уақыт екенін де мойындауға тура келеді. Оның үстіне атқарылар ауқымды істің әуелі орын алып келме жатқан ұсақ-түйекті түзетуден басталатыны, сол арқылы ірі де күрделі мәселелерді игеруге жол ашылатыны тағы бар. Өкінішке қарай, зерттеушілерден сарылып ұзақ ізденуді керек етпейтін, тек ынта-ықылас болса, санаулы мерзімнің ішінде жөндеп бір қалыпқа түсіруге болатын осы ұсақ-түйекті әлі күнге түзетпемей келе жатқаны жанға батады. Біздің жоғарыда «төл тарихшыларымыз әлі күнге немқұрайдылық дертінен айыға алмай келеді» деуіміз де осы жайларды көріп, біліп отырғандықтан.

(Жалғасы бар)





ЖЫЛ САЙЫН

700 000

АСА АДАМ СУИЦИД  
ЖАҒДАЙЫНДА ӨЛЕДІ

## КӨМЕК, ҚОЛДАУ СҰРАУҒА АРЛАНБАУ КЕРЕК

Суицид жаһандық проблемаға айналды. Өйткені жер бетінде әрбір 40 секунд сайын бір адам өзіне-өзі қол жұмсайды. Жыл сайын 700 мыңнан аса адам суицид жағдайында өледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы түзген рейтингте Қазақстан 20-орында тұр. 2022 жылы 1 мың отандастың 17-сі өз-өзіне қол жұмсады. Суицидке әкелетін негізгі себеп қандай, оның алдын алу мүмкін бе? Бұл сұрақтардың жауабын дағдарыс психологы Әйгерім ШӘМШИНАДАН білдік.

– Суицид дегеніміз не? Оларға қандай мінез-құлық тән?

– Суицид – адамның өзіне қасақана қасірет келтіру арқылы өлуі. Бұған түрлі жағдай әсер етеді. Біріншісі – адамдар әлеуметтік, қаржылық қиындықтан шығатын жол таба алмай, өзін құрбан етеді. Екіншісі – ішімдік пен есірткіге тәуелді болудың арты келеңсіз жағдайға душар етеді. Үшіншісі – махаббатта жолы болмай, адамдардан зорлық-зомбылық көру салдарынан орын алады. Төртіншісі – отбасы мен ұжымда, достарының арасында жылы қарым-қатынас орната алмағандар өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезіне алмай, ақырында өзіне қол жұмсайды. Бесіншісі – өмір сүрудің мән-маңызын жоғалтып, әлеуметтен оқшаулану жағдайынан орын алады. Өртүрлі әрекет – теріні зақымдау, есірткі немесе улы заттарды жиі қолдану арқылы іске асады.

– Суицидте табиғи құбылыстар да әсер ете ме?

– Әлбетте, әсері болады. Солтүстік полюске жақын орналасқан Ресей, Беларусь, Канада, Гренландия және тағы басқа елдердегі қолайсыз табиғи құбылыстардың ықпалы жоқ емес. Одан бөлек, өмір сүретін елдің статусы да теріс әсер етеді. Суицид жағдайы жиі орын алатын елдерді саралайтын болсақ, Гайана – Оңтүстік Американың солтүстік-шығысында орналасқан кедей ел. Оңтүстік Африкадағы патшалық ел – Лесото да өте кедей ел. Бұл аймақтарда кедейлік адамдарды өзіне қол жұмсауға итермелейді.

– Суицидтік мінез-құлықтың негізгі себебі қандай?

– Шамадан тыс күйзеліс, психикалық денсаулықтың бұзылуы, қарым-қатынастағы проблема, жақын адамынан айырылу, алкоголь немесе есірткіні жиі қолданудың әсері бар. Мұндай адамдарда дәрменсіздік, үмітсіздік сезімі жоғары болады. Егер сізде немесе сіз білетін адамда суицидтік ойлар немесе мінез-құлық

**БАЛАМЕН КӨП  
УАҚЫТ ӨТКІЗІП,  
ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС  
ЕКЕНІН СЕЗІНДІРІП,  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН  
АРТТЫРУДЫҢ  
ПАЙДАСЫ КӨП**

пайда болса, кәсіби көмекке жүгінуге маңызды.

– Мұндай адамның белгісін қалай тануға болады?

– Суицидтік ойдың немесе ниеттің белгісін тану – өте күрделі әрі маңызды процесс. Сізге назар аудару керек бірнеше негізгі белгі бар. Біріншіден, мінез-құлық белгілері: адам өзінің өлімі немесе ниеті туралы ескертеді, суицид әдістері туралы ақпаратты белсенді түрде іздейді. Екіншіден, құнды дүниелерін біреуге тапсырып, өсиет етіп, жақындарымен қоштасып, өткені үшін кешірім сұрай бастайды. Эмоционалды белгісі: мақсат қоймайды, болашақты жоспарламайды, өзін қоғамнан аулақ ұстайды. Ал физикалық белгісі: ұйқысыздық немесе ұйқышылдық, тәбеттің төмендеуі немесе жоғарылауы байқалады. Салмағы түсіп немесе артып, сыртқы түрінде өзгеріс пайда болады.

– Әр жастағы адамдарда белгілер әртүрлі бола ма?

– Суицидтік ойы немесе мінез-құлық белгісі жасына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, 12-25 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастарда оқу үлгерімі төмендеп, сабаққа әртүрлі сылтаумен келмей, мұғалімдерімен, достарымен түрлі тақырыпта кикілжің байқалады. Оған әлеуметтік желі, кибербуллинг те әсер етуі ықтимал. 25 пен 60 жас аралығындағы ересектер экзистенциалды дағдарысты, ажырасуды, отбасындағы қақтығыстарды бастан

кешіруі мүмкін. Жұмыста қысқарып қалу, кредиттік қарыз немесе құмар ойындарға тәуелділік сынды қиындықтар да әсер етеді. Жасы 60-тан асқан қарттардың ауыр созылмалы аурулары немесе мүгедектігі салдарынан өмірдің мәнін жоғалтып, отбасына жүк болуды қаламау сезімі пайда болады. Бұл факторлар әр адам үшін әртүрлі әсер етеді. Бірінде рухы мықты болса, екіншісі тез «сынып», суицидтік ойлар пайда болады.

– Суицидтік тәуекел дәрежесін қалай анықтауға болады?

– Өз-өзіне қол жұмсау қаупінің жоғарылауын көрсететін бірнеше фактор мен белгі бар. Біріншісі – суицидтік ойлар мен мәлімдемелер, яғни адам өзінің өлгісі келетінін, өмірдің мағынасының жоғын немесе онсыз дүниенің жақсы болатынын айтады. Екіншісі – суицидке дайындық, адам өз заттарын тастай бастайды, жақындарымен қоштасуға дайындалады, өсиет жазайды немесе қоштасу хаттарын қалдырады.

– Суицид жасауға ниетті адамның ойын қалай өзгертуге болады?

– Кез келген жағдайда тығырықтан шығатын жол бар. Алдымен ондай адамның ойын бөлу үшін жазу немесе сурет салу, шығармашылық жұмысқа қызықтырып, өзіне деген сенімін арттыру маңызды. Тыныс алу және дене жаттығуымен айналысуға көңіл бөліп, ұйқының тұрақты болуын қадағалап, пайдалы тағамды жеуге тырысу керек. Кәсіби көмек пен қолдау үшін психиатр, психотерапевт, психолог немесе басқа психикалық денсаулық маманына жүгінген дұрыс.

– Балада суицидтік мінез-құлық белгілері байқалса, ата-ана не істеу керек?

– Егер балаңыздан суицидтік мінез-құлық байқасаңыз, онда шұғыл шара қабылдауға кеңес беремін. Баламен көп уақыт өткізіп, жалғыз емес екенін сезіндіріп, шығармашылық қызығушылығын арттырудың пайдасы көп. Сол бойынша спорт немесе өнер бағытына бұрып, өмірге деген қызығушылығын арттыру керек. Сондай-ақ медициналық көмек көрсету маңызды. Дәрігерлер мен терапевтердің кеңесін тыңдаңыз және орындаңыз. Балаңызға тағайындалған дәрі-дәрмек пен терапия сеансын орындауға көмектесіңіз. Өзіңізге қолдау көрсетіңіз, өйткені суицидтік мінез-құлық бар балаға күтім жасау өте қиын.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

## ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚҰРЫҒЫНАН САҚТАН!

Қаржы пирамидасымен күресте Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті жүйелі жұмыс жүргізеді. Жалпы бұл департамент – қылмыс жолымен алынған кірістерді заңдас-тыруға және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі функцияларды орындауға уәкілетті орган. Департамент өкілі Айнұр ХАМЗАЕВА халықты алдап, қаржы пирамидасының қармағына түсіретін сондай ұйымдардың қитұрқы әрекеттері мен тәсілдері туралы айтып берді.

– Айнұр ханым, бүгінде интернетте тез ақша табу мүмкіндігі жиі айтылатын болды, мұндай оңай олжа туралы тіпті адамдар жақын таныстарынан да естіп жатады. Бірақ оңай ақша адамға береке бере ме, бұл әлде қарапайым жандар үшін құрылатын тұзақ па? Қаржы пирамидасының қандай негізгі белгілерін атап өтуге болады?

– Жалпы олардың құрығына бүгінде халықтың басым бөлігінің түсіп қалу қаупі басым. Ал белгілеріне келсек, біріншіден, ірі көлемде қолма-қол ақша салуға үгіттеу, екіншіден, инвестиция ретінде салынған капиталды өте жоғары пайызбен қайтарып алуға уәде беру, үшіншіден, ақшаңызды қайтару үшін таныстарыңызды тарту керек екені, тағы бір сипаты – жобаның ноу-хау ретінде ұсынылуы. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде тартымды жарнамамен, түрлі таныстырылым арқылы берілуі және келісімшартта ешқандай жауапкершіліктің жазылмауы да бір белгісіне жатады. Компания шегіне қаржы ұйымдарының, несие бюрокларының, «Қарызға қарсы» бағдарламалардың, қаржы қызметтері орталықтарының атын жамылып, жасырын әрекет етуі мүмкін. Сондай-ақ ақшаны қолма-қол қабылдайды немесе интернет-төлемдердің түрлі жүйесін, компанияның банктегі есептік арнайы шотын пайдаланбай аударым жасау жолын қолданады. Азаматтардан ақша тартуда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы болмайды.

– Қаржы пирамидасы қандай қызмет түрлері немесе қандай бизнестерді бетке ұстап, жасырын әрекет етеді?

– Олар желідегі маркетинг, онлайн-ойын, туристік қызмет, сонымен қатар инвестиция жобасына ақша салу сияқты бизнес түрлерін қалқан етіп алып жұмыс жүргізуі мүмкін. Қаржы пирамидасын құрушылар өте тез әрекет етеді, әлеуметтік желілерде агрессивті және адамдардың көңілін тез

аулайтын жарнамалар таратады, жылдам баюдың жолын ұсынып, төбеңнен алтын жаудыруға уәде береді. Адамдардың ашкөздік және қолын қимылдатпай көп ақша табуға құмарлық қалауын тиімді пайдаланады. Қаржы пирамидасында «Инвестицияны бүгін сал!», «Ақша табуға асық!», «Мүмкіндігінді жіберіп алма!» деген ұрандар жиі қолданылады. Ал негізі бұл – қарапайым психологиялық манипуляция.

– Олардың арам пиғылды айла-шарғысына түсіп, «құрбандарына» айналмау үшін қандай кеңес бересіз?

– Әрине, алдымен қаржы пирамидасының жоғарыда аталған белгілерін білу маңызды. Маңдай теріңізбен тапқан ақшаңызды «құмға сіңген судай» етіп олардың қалтасына салып бермес бұрын оның барлық қаупі мен тәуекелін әбден таразыға салып, екшеп, ойлап-ойлап барып әрекет етіңіз. Әсіресе егер сізді кез келген бір жерге ақша салуға табанды түрде шақырып, үгіттейтін болса, бұл аса қауіпті, ондай қадамнан секем алып, өте сақ болу керек. Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті азаматтарды тез ақша табу жолындағы осындай алдамшы ұйымдардың қызықтыруына сеніп қалмауға кеңес етеді. Алдымен Қаржы мониторингі жөніндегі агенттік жасап шығарған Telegram-бот Вага, Пирамида арқылы сізді өзіне тартқан қаржы компаниясы туралы деректерді тексеріп, оның қаржы пирамидасына жататынын немесе жаппайтынын анықтап алыңыз. Егер сондай қаржы пирамидасы немесе сіздің жақындарыңыз бен таныстарыңыз кірген соған ұқсас ұйымдармен ұшырасып қалсаңыз, бірден Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің **8 (7172) 70-84-79 (ішкі нөмір: 21384)** сенім телефонына қоңырау шалуыңызды сұраймыз!

Рахман РАХМЕТОВА





Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

# САУСАҚ ІЗІН АЛУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Астана қаласының тұрғыны Ердаулет Айшықов қала орталығынан үш бөлмелі үй сатып алып, оған жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін көршілес Өзбекстаннан үш құрылысшыны жалдайды. Заң бойынша олар бір ай үй иесінің мекенжайында қонақ ретінде тіркеліп тұрады.



Әне-міне дегенше мерзімді бір ай уақыт та өте шығып, енді келген жалдамалы жұмысшылар жұмыстарын одан әрі жалғастыру үшін саусақ іздерін тапсырып, салық төлеп, елде болу мерзімін ұзартуға міндеттеледі. Міне, осы жерде ши шығады. «Бақсақ, бақа екен» дегендей, үш жұмысшының біреуі бұрын өз елі аумағында қылмыс жасап, бой тасалап жүрген сабаз болып шығады.

Бұл жерде ең бастысы, дактилоскопиялық тексерудің қылмыстың алдын алуға пайдасының тигені болып отыр. Мұндай тексеріс жүріп, мәселе дер кезінде анықталмағанда ол адам не бүлдірерін (құдай сақтасын) кім білсін?

## ҚАРЖЫ ҚОЛБАЙЛАУ БОЛМАСА...

Елімізде саусақты дактилоскопиялау әр азамат үшін міндетті болатыны жөнінде біраздан бері айтылып келеді. Қазір көп адам ХҚКО-ға (Халыққа қызмет көрсету орталығына) барып, паспорттары мен жеке басын куәландыратын басқа да құжаттарын жаңартуды ойлап жүр.

Неге десеңіз, «алдағы 2024 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстанда барлық азаматтардан саусақ таңбалары алынады екен» деген хабар әлеуметтік желілерді кеулеп кетті. Біреулер: «ДНК алынады екен? «Чип тағады екен» деген желсөзді де қоздата түсуде. Ал шындығында, дүрлігетін дәнеңе де жоқ болып шықты.

Астана қаласы Алматы ауданы Көші-қон басқармасының бас маманы Данияр Бауыржанұлының айтуынша, жаңа жылдан бастап бұл бағытта өзгерістер болатыны рас көрінеді. «Алайда «саусақ іздерін алу» деген сөзге аса мән беру керек» дейді ол. Қазір Қазнеттегі кейбір ақпараттарды оқып отырсаң, «әр азаматты бір жерге бір-бірден шақырып алып, уақытша ұстау абақтысындағы сияқты бүкіл саусақ іздерін алып шығады-мыс». Жоқ, мүлде олай емес. Бұл жай ғана азаматтарды – дактилоскопиялық тіркеу. Жаңа цифрлық технологияның көмегімен арнаулы сканер арқылы саусақ ізін алу.

Мұның бірегейлігі әлем бойынша дәлелденген. Тіпті ДНК-сы бірдей болуы мүмкін егіздердің саусақ іздері ешқашан бір-біріне ұқсамаған. Сондықтан саусақ таңбасы әр адамда әртүрлі болатыны қазір ғылыми негізделіп отыр.

«Мен осы мәселеде адамдардың үнемі жел сөзді шарша үрлеп, жұртты дүрліктіретініне түсінбеймін. Бұл заман талабы ғой. Қазір – әлем цифрлық технологияға дендеп жүгінген заман. Осы жетістіктерден еліміз де кенже қалмауы тиіс. Сондықтан Мемлекет басшысының пәрменімен

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» заң 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Әрі ол күнделікті өмірде қажеттілікке қарай қолданылып та жүр. Ал енді оны іс жүзінде жаппай қолдануға қаржы тапшылығы қолбайлау болып, үнемі кейінге шегеріліп келе жатқанын да мойындау керек.

Заңның өзектілігі, ең алдымен, қауіпсіздік мәселесінде жатыр. Мұнда атап көрсетілгендей, біз сол арқылы Қазақстанды цифрландыруды дамытудың келесі қадамын жасаймыз. Сол арқылы қауіпсіздікті арттыра отырып, көптеген үдерісті айтарлықтай оңтайландырамыз. Атап айтқанда, жеке тұлғаларды биометриялық сәйкестендіруді жетілдіріп, заңсыз құжаттандыру фактілерін жоюға мүмкіндік туғызамыз. Құжаттарды қолдан жасаудан, ал олардың иелерін алаяқтық және басқа да қылмыстық әрекеттерден қорғауға жағдай жасаймыз. Негізінен, саусақ ізін тіркеу Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекеттердің мемлекеттік шекарасынан өту тәртібін жеңілдетуді көздейді» деді маман.

Сондай-ақ мұндай интеграцияның күнделікті өмірде де, жазатайым оқиғалар кезінде де, оның ішінде техногендік және табиғи жағдай-

лар кезінде де адамның жеке басын куәландыратын құжаттарды қалпына келтіруді жылдамдатуға септігі көп екені дәлелденген.

## УАҚЫТ ТА, МҮМКІНДІК ТЕ БАР

Саусақ іздерін алудың түпкі мақсатын азаматтар түсінуі керек. Бұл тұрғыдағы үгіт-насихат, түсінік жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон комитеті қызметінің аға инспекторы Нұржан Жаңабаев осы мәселе төңірегінде бірнеше брифинг өткізді. Оның айтуынша, алдағы уақытта саусақ іздері деректері республиканың әр азаматының биометрикалық төлқұжаттары мен жеке куәліктерінде тұратын болады. Бұдан былай азамат жаңа биометрикалық төлқұжат – жеке куәлік немесе жаңа паспорт алған кезде чиппен бірге саусақ іздері бейнеленеді.

«12 жасқа дейінгі балалардан саусақ ізі алынбайды. Алдағы жаңа жылдан бастап 12 жас пен 16 жас аралығындағы жеткіншектер ерікті түрде, ал 16 жастан бастап міндетті түрде саусақ іздерін тіркеу талап етіледі. Алайда бұл жаппай құжат ауыстыру керек

деген сөз емес. Қолда бар құжаттарың белгіленген мерзімі өткенше жарамды болады. Тағы да қайталап айтамыз, саусақ ізін алу міндетті, алайда ол ХҚКО-да таңертеңнен кешке дейін кезекте тұрып, дүрбелең туғызу деген сөз емес. Әркім өзінің мүмкіндігіне, уақытына қарай рәсімдесе жетіп жатыр.

Тұжырымдама бойынша, барлық қазақстандықтар мен Қазақстанда тұрақты тұратын, оның ішінде еліміздің мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардан саусақ ізі қазірден бастап алынатынын еске салғым келеді» деді аға инспектор.

Біз жоғарыда сөз еткен заңда тек саусақ ізін алу ғана емес, геномдық тіркеу туралы да анық айтылған. Біріншіден, геномдық тіркеу деген не? Оны көпшілік адам түсіне бермейді. Геномдық ақпарат – адамның дезоксирибонуклеин қышқылының нақты кодталған мәліметі. Екінші сөзбен айтқанда, бұл – ДНК сынағы.

Бүгінгі еліміз цифрлық қызмет жүйесіне көшіп жатқан кезде саусақ іздерін алу заманауи электронды жүргізіліп, кодталған түрде сақталады. Бұл дегеніміз, мәліметтер базасында саусақ ізін тек сандық моделі және бірегей идентификатор болады. Онда

дербес деректер, адамның аты-жөні және ЖСН-і (ИИН) көрсетілмейді. Жүйені иесіздендіру автоматты түрде жүреді. Әрі алынған биометриялық деректердің сақталуы мен оларды пайдалануға ҚР ІІМ жауапты болады.

Кейінгі кезде заңды толық іске асыру үшін мемлекет 20 млрд теңге қаржы бөліп отырғаны айтылуда. Бұл қаражат серверлік, лицензиялық-бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық кешендерді жабдықтау, дактосканерлер алу, қызметкерлерді оқыту және тағы басқа мақсаттарға жұмсалмақ.

## ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ ЗЕРТТЕЛДІ

«Мұны бізде пайдалану әлі ертерек емес пе?» деген сауалдар да қойылып жатады. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу заңын әзірлеу барысында ҚР Ішкі істер министрлігі әлемнің көптеген елінің тәжірибесін зерттеген. Сонда анықталғаны: 2002 жылдан бері дүниежүзінің 70-тен астам мемлекеті, ал 2010 жылдан бері Алмания, Түркия, Қытай, Өзбекстан, Үндістан, Франция, Бельгия Біріккен Араб Әмірліктері сияқты 124 елі биометриялық тіркеуді (саусақ іздері, көздің нұрлы қабығы, адам бетінің екі өлшемді және үш өлшемді кескіні, ДНҚ қолтаңба) пайдаланып келеді. Оның үстіне алдағы уақытта ІСАО ұсынымына сәйкес жол жүру құжаттарында азаматтың кемінде екі биометриялық деректері болуға тиіс – бұл түрлі-түсті цифрлық фотосурет және саусақ іздері. Бұл азаматтың жеке басын анықтау және растау мақсатында жүргізіледі. Жеке басын куәландыратын құжаттарға саусақ іздерін енгізу азаматтың құқықтары мен дербес деректерін қорғауға нақты мүмкіндік береді деп түсіндіреді мамандар.

Соңғы уақытта осы салаға жауапты құзырлы министрлік қауіпсіздік шараларына аса мән беріп отыр. Деректерді рұқсатсыз кіруден қорғауға мүмкіндік беретін мәліметтер базасын цифрлауды жүзеге асырды. Енді қаскөйлер цифрлық іздерді ешуақытта «тіріге» айналдыра алмайды. Сандық түрде сақталған саусақ іздерін заттарға түсіру мүмкін емес.

Сонымен саусақ ізін алу елімізде қолға алына бастады. Қазір шетелге шығатын азаматтарға виза алу үшін саусақ іздерін тапсыру міндеттеледі. Соның аясында елде түрлі қылмыстарды, соның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу мүмкін болып отыр. Осы тұрғыда заңның қабылдануы терроризм қаупінің алдын алу үшін де қажет. Бұл арқылы елімізге жасырын келген лаңкестер болса, оның биометриялық мәліметтерін халықаралық ұйымдарға сұрау салып, салыстырады. Қысқасы, дактилоскопиялық тіркеу заман талабы болып тұр. Оның пайдасы тұстары мол екенін мамандар дәлелдеп бағуда.

# ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШІП ЖАТЫР

Елімізде 200-ден астам архив орталығы жұмыс істейді. Сол жерлерде жиналған миллиондаған құжатпен бүгінгідей цифрлық үрдіс дамыған заманда кез келген адам үйден шықпай-ақ танысуға мүмкіндік бар. Сол мақсатта бүгінгі архив құжаттары цифрлы форматқа көшіріліп жатыр. Ол қандай құжаттар? Қазақстандықтар архивтен қандай материалдарды онлайн түрде ала алады? Қалалық архивтегі реставрация жасалған құжаттар 50-100 жыл сақтала ма? Осыны анықтау мақсатында тілшіміз Астанадағы мемлекеттік архивте болып қайтты.

Бүгінгі таңда архив алдында тұрған маңызды міндеттің бірі – архив материалдарын сандық жүйеге көшіру. Осы бағытта қаладағы Мемлекеттік архив жоғары жылдамдықта цифрлық көшірмелерді жасауға қауқары жететін заманауи сканерлеу жабдығын пайдаланады.


– Архив жалпы көлемі 404458 сақтау бірлігі бар 742 қордың сақталуын қамтамасыз етеді. Мұнда басқару құжаттамасы, жеке адамға қатысты құжаттар, тарихи, ғылыми-техникалық құжаттар, ғылыми-техникалық

құжаттар (схемалар, әзірлемелер), фотоқұжаттар және т. б. құжаттарды сандық форматқа ауыстыру арнайы бекітілген жоспармен жүзеге асып жатыр. Бірінші кезекте біз өте құнды материалдардан бастадық. Олардың қатарында жеке басқа қатысты қалпына келтіретін құжаттар бар. Сол бойынша азаматтардан сұрау көп түседі, – деді Астана қаласы мемлекеттік архиві директорының орынбасары Жангелді Бимолдин.

Осы уақытқа дейін архив қызметкерлері 5 миллионнан

астам парақты цифрландырды. Жангелді Бержанұлының айтуынша, істердің өзектілігі мен басымдығына қарай дербес цифрлау кестесі әзірленген. Әуелі сұрау жиі келіп түсетін құжаттар сандық форматқа көшіріледі. Кейін тарихи аса құнды құжаттар электронды нұсқаға ауыстырылады. Сондай-ақ архив жеке және заңды тұлғалардың сұрауы бойынша құжаттарды цифрлайды.

Жалпы қалалық архив тарихы 1915 жылдан басталады. Бұл жерде адамдардың туғаны, қай-



тыс болғаны жайында мәлімет сақталған. Қалалық архивтен Астананың қоғамдық-саяси, мәдени өмірінің маңызды аспектілерінен хабар беретін тарихи оқиғалар, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірі жайында құжаттарды табуға болады.

– Архивке көбіне зейнетке құжатын дайындап жатқандар арнайы сұрау бойынша келеді. Олар кезінде еңбек еткен мекеменің салғырттығынан жоғалған құжаттарын осы жерден табады. Кезінде осында білім алған азаматтар оқыған, тұрған жер-

лерінің құжатын сұратады, – деді басшы орынбасары.

Архивтегі миллиондаған құжат арнайы температурада сақталады. Ал жыртылған қағаздар қалпына келтіріліп отырады.

Реставратор Айгүл Бағдаулетова құжатты қайта қалпына келтіру жұмысы оңай емес екенін айтты. Маман мекемедегі реставрация аппараттарының көмегімен ескі және жыртылған қағаздарды қалпына келтіреді және көшірмесін жасайды.

– Зертханаға мұрағаттан ескі әрі бүлінген материалдар келеді. Қағазда зиянды элементтер болады. Сондықтан біз әуелі құжаттарға дезинфекция жасаймыз. Құжаттардың әр парағын шаң-тозаңнан тазартамыз. Ол арнайы аппарат арқылы жүзеге асады. Кей құжаттардың элементтері жетіспей жатады я болмаса жыртық болады. Соларды қалпына келтіру үшін арнайы жапон қағазын қолданамыз, – деді реставратор.

Маманның айтуынша, реставрация жасалған құжаттар 50-100 жыл сақталады.

Сәбиана КӘКІМЖАН



№131 (4564) 04/11/2023 Сенбі

**АСТАНА ҚАЛАСЫ  
ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ**

Астана қаласы 24.10.2023 №01-20

**«АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 13 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 01-21 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ****ШЕШІТІ:**

1. «Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1193 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекараларын құру туралы»;

көрсетілген шешімге 1, 3-қосымшалар осы шешімге 1, 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 1-тармағы осы шешімге 3-қосымшаға сәйкес

6-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.З. Ешкеевке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ж. ҚАСЫМБЕК****Әкім**

Келісілді

Астана қаласы Қалалық сайлау комиссиясының төрайымы Б. Бектемісова 2023 жылғы « 24 » қазандағы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1360-01 болып тіркелген

Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 01-20 шешіміне 1-қосымша

Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне 1-қосымша

**АСТАНА ҚАЛАСЫ «АЛМАТЫ» АУДАНЫ  
САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ****№ 1 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

(ОРТАЛЫҒЫ – «Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ, ҚАЖЫМҰҚАН КӨШЕСІ, №13)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 2, 2А, 4/2, 4/4, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 6/5, 12/2, 14/1, 14/2 үйлер, Қажымұқан көшесі, № 15 үй.

**№ 2 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

(ОРТАЛЫҒЫ – «Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ, СТУДЕНТТЕР ҮЙІ, М. ЖҰМАБАЕВ ДАҒҒЫЛЫ, № 14)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылы, № 11, 12, 12А, 12/1, 14, 16, 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 10 үй, А. Петров көшесі, № 26, 26/1, 28/1, 32/1, 32/2 үйлер.

**№ 3 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

(ОРТАЛЫҒЫ – «Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ, СТУДЕНТТЕР ҮЙІ, М. ЖҰМАБАЕВ ДАҒҒЫЛЫ, № 14/1)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 16, 16/1, 18, 20, 20А, 20Б, 23, 24, 25, 25/1, 25/2, 26, 26/1, 27/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 2, 4, 4/2, 4Б, 6, 14/1 үйлер.

**№ 4 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

(ОРТАЛЫҒЫ – АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ, Б. МАЙЛИН КӨШЕСІ, №12)

Шекарасы: Б. Майлин көшесінен М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының тақ сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін көшесінің жұп сандар жағымен Қ. Сәтбаев, Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің жұп сандар жағымен, Қосбасар орамындағы № 2, 2А үйлерді, Манатау көшесіндегі № 2, 2/1, 4, 4/1 үйлерді, Қ. Сәтбаев көшесіндегі № 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлерді, Б. Майлин көшесіндегі № 16/2, 16/3, 16/8, 16/9, 16/11 үйлерді қоспағанда, М. Жұмабаев даңғылына дейін.

**№ 5 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

